

Есіл ауданының елді мекендеріндегі аумақтарды абаттандыру, жасыл көшеттерді және инфрақұрылым нысаналарын ұстau Ережелері туралы

### ***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық мәслихатының 2010 жылғы 28 маусымдағы N 30/178 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 9 тамызда N 13-6-151 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық мәслихатының 2012 жылғы 7 маусымдағы N 6/29 Шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық мәслихатының 2012.06.07 N 6/29 Шешімімен**

«Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы № 155 Кодексінің 3-бабы 2-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы » Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 заңының 6-бабы 1-тармағының 8-тармақшасына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Есіл ауданының елді мекендеріндегі аумақтарды абаттандыру, жасыл көшеттерді және инфрақұрылым нысаналарын ұстau қоса берілген Ережелері бекітілсін.

2. Осы шешім бірінші ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн ішінде қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат*

*Аудандық мәслихаттың*

*сессиясының төрағасы*

*хатшысы*

*П. Гольцер*

*Б. Шериязданов*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*бастығы*

*Аудандық ішкі істер бөлімінің*

*А. Ыбраев*

*бастығы*

*«TKШ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ*

*B. Куликов*

*бастығы*

*Есіл ауданы бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының*

*T. Гошовская*

*бастығы*

## **Есіл ауданының елді мекендеріндегі аумақтарды абаттандыру, жасыл көшеттерді және инфрақұрылым нысаналарын ұстau Ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы № 155 Кодексіне, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 193-IV Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212 «Қазақстан Республикасының экологиялық кодексіне», «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 зандарына және өзге де Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес әзірленген.

2. Ереже Есіл ауданындағы аумақтарды абаттандыру, инфрақұрылым нысаналарының жасыл көшеттерін сақтау, ұстau және қорғау саласындағы қарым-қатынастарды реттейді.

### **2. Ережедегі негізгі анықтамалар мен түсініктемелер**

3. Елді мекендерді абаттандыру – елді мекендердің аумақтарында адамның ынғайлы, жайлы өмір сүруіне бағытталған жұмыстар мен элементтер кешені.

4. Аумақтарды тазарту – аумақты жинау, тұрмыстық қалдықтарды, қоқыстарды, қарды, қызыл суды жинау, тазалау, шығару және қайтадан пайдалану (зиянсыздандыру).

5. Өндірістік және пайдаланылатын қалдықтар – (одан әрі қалдықтар) - өндіріс және пайдалану барысында қалыптасқан шикізаттардың, материалдардың, жартылай фабрикаттардың, басқа да өнімдердің немесе азық-түліктердің қалдықтары, сонымен қатар өзінің тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан тауарлар (өнімдер).

6. Ирі габаритті қоқыстар – пайдаланылатын және шаруашылық қызметінде өзінің тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан қалдықтар (тұрмыстық техника, жиһаз және т.б.)

7. Рұқсат етілмеген қоқыс үйіндісі – занды және жеке тұлғалардың қызметі

барысында қалыптасатын өндіріс және құрылыш қалдықтары басқа да қоқыстар, қар, мұзды өз еркінше (рұқсат етілмеген) қоқыс шығару (орналастыру) немесе жинаяу.

8. Пайдаланылатын қалдықтарды жинау және шығару арнайы автокөлікке контейнерлерден пайдаланылатын қалдықтарды артуға, қоқыстар шашылған контейнерлер тұратын аландар мен оларға кіреберістерді тазартуға, және оларды қоқыс жинау орнынан қайта пайдалану объектісіне тасымалдауға байланысты іс шарапалар

кешени.

9. Аула ішілік аумақ - бұл балалар алаңын, демалыс аймағын, шағын сәүлет нұсқасын қосқандағы аумақтар құрылышының басты жоспарымен бөлінген аумақ

#### 10. Аумақтың орналасуы:

1) кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, жеке меншікке қарамастан, жаяу жүргін жол, тротуарлар, жасыл көшет шекарасы жер участкісінен 15 метр болуы тиіс. Одан басқа әрбір ұйымға жергілікті атқарушы органдардың шешімімен бекітілген шекараларда қоқыс жинау үшін аумақтар бекітілген;

2) саудаға арналған павильондарға - қабырғадан 6 метр ара қашықтықта болуы тиіс;

3) көп қабатты тұрғын үйлерге, дүкендерге, тұрғын үйлерде салынған ғимараттар- далаға шығатын қасбет ғимараттан, тротуарлар мен жаяу жүргін жол бөлігінен 15 метрден аспауы тиіс;

4) жеке тұрғын үйлер үшін - жер участкісі, үй иелігінің шекарасынан, тротуардың болмауынан пайда болған нөсерден кейінгі ордан жер участкішекарасы 15 метр болуы тиіс.

11. Уәкілетті орган – уәкілеттіктері тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, оның коммуникациясы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдарының саласындағы уәкілеттіктері аудан әкімдігімен белгіленген мемлекеттік мекеме.

### 3. Шағын сәүлет пішінін ұстау

12. Тұрғын аумағын салу, қоғамдық орындар, көшелер, саябақтар, шағын сәүлет пішінімен жабдықталған демалыс орны, күрке, көлеңке төбелермен, урналар, фонтандар, балалар ойынына арналған жабдықтар, елді мекендердің демалыс орны, стендтар, қоршаулар, телефон будкалары, автокөлікті тосу павильоны.

### 4. Аумақтарды ұстауға қойылатын талаптар

13. Барлық меншік тұрінің, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың басшылары, және сауда үйлері мен павильондардың иелері мен жалгерлеріне

төмөндеғіні қамтамасыз ету керек:

1) өзінің аумағын санитарлық тазарту, сонымен қатар, өзінің қүшімен тұрмыстық қоқысты шығару немесе басқа кәсіпорындармен келісім-шарт жасау;

2) өзінің аумағындағы жердің үстіндегі және астындағы суды тартуға арналған санитарлық тазалау, төселген жолды, құбырды, сорғыны және су көздерін тазарту;

3) ғимараттарды бояу және жөндеу жұмыстарын уақытылы жүргізу, қоршаулар, кіру есіктерін, қылтима экрандары мен су ағынының құбырлары, шағын сәulet пішіні, әйнектерді жуу, өндірістік және әкімшілік ғимараттарының сөрелері мен әйнектері, көгалдар мен көк шөптерді күту, уақытылы арам шөптерді жүлү;

4) төсеме бойынша топырақ қазып алу, жер асты ғимараттарын жөндеу және қайта құру, құрылыш кезінде нөлдік топтама жасау, белгіленген тәртіппен құжаттарды ресімдеу;

5) санитарлы-эпидемиологиялық іс шараларды қадағалау.

14. Тұрғын аумактарында, сонымен қатар жер участкесі белгіленген жеке үй аймақтарында келесі тәртіpterді ұстану қажет:

1) жаяу жүргін жолдарды, квартал ішілік кіреберістер мен жолдарды таза үсітаяу;

2) шаруашылық және қосалқы құрылыш салынуына (гараждар және жобаның өзге де түрлері) жол бермейу;

3) аумақты құрылыштық материалдарымен, ауылшаруашылық жануарларға арналған қатты жемшөппен (шөп, сабан), қатты отынмен (көмір) қоршауға жол бермейу;

4) шағын сәulet пішінін, шаруашылық, ойын, спорттық, балалардың алаңын жабдықтау, қоршау және шағын қоршау, олардың сыртқы түрін сақтау.

15. Ауладағы көгалдар мен квартал ішілік аумактарға, балалар аландарына, жаяу жүргін жолдарға қызметтік және жеке автокөліктік бекетке жол берілмейді.

16. Стационарлық дәретханалары жоқ қоғамдық тамақтану кәспорындарында, ашық аландарда, шашлық киоскілерінде, сату павильондарында келушілер мен қызметкерлерге арналған ауыстырмалы және қоғамдық дәретханалар орнату міндетті шарт болып табылады.

17. Базарлардың жұмыс уақыты жергілікті атқарушы органдардың шешімімен белгіленеді. Аптаның бір күні базардың, негізгі және қосалқы үй-жайлардың, сауда орындарының, үстелдердің барлық аумағын қоқыстан жинау және заарсыздандыру үшін санитариялық күн деп жарияланады.

## 5. Сыртқы абаттандыру элементтерін ұстау

18. Белгіленген тәртіпке сәйкес орамдар, көгалдық қоршаулар орнату, сауда палаткалары, павильон құрылыштары жобаның келісімімен жүргізіледі.

19. Құрылыш аланы және қайта жөндеу жұмыстары жүргізілген алан жұмыс мерзімі аяқталғанға дейін қоршаулар орнатылады. Кіреберістер, көлік шығарда көшелерді ластамау үшін қолайлы орналасуы керек.

20. Дүкендердің, сауда ғимараттарының иелері урналар орнатылады. Урналардың жағдайы дұрыс және ұқыпты болуын қамтамасыз ету, жұмасына бір рет боялып, заарсыздандырылуы керек.

21. Ұйым басшылары канализацияның, су құбырының және басқа да ұнғымалардың қақпақтары үнемі жабылуын қадағалап, инженерлік желілердің қаралуын қадағалау.

22. Қатты отынмен (көмірмен) жұмыс істейтін қазандық иелеріне жер участкесінен шлактың шығарылуын және үнемі тазартылуын қамтамасыз ету қажет, ертке қарсы сақтық жағдайларының бұзылмауын қамтамасыз ету.

## 6. Жасыл көшеттерді күтіп ұстау және қорғау

Жасыл көшеттер бүкіл халықтың игілігі, маңызды шипалы фактор және байдығы болып табылады.

23. Жасыл көшеттерді сақтау және қорғау иелеріне, жер пайдаланушыларға, заңды және жеке тұлғаларға жүктеледі.

24. Құрылыш маңындағы жасыл көшеттерді қазып алу немесе қайта отырғызу, инженерлік желілер мен жер асты коммуникация төсемесі, жасыл көшеттерді кесіп тастауға және тамырын шабуға рұқсат етіледі.

25. Жұмыс жасау кезінде қажет:

1) жасыл көшеттерді зақымданудан қоршау;

2) жолдарды асфальттау кезінде, жол жиектерінен, 1 метр диаметрінде шұңқыр қалдыру.

26. Заңды және жеке тұлғалар бекітілген аумақта жасыл көшеттердің сақталуын қамтамасыз ету үшін агротехникалық іс-шаралар өткізулері керек, дәлірек:

1) қоқыстарды тазалау, көгалдарды тырмамен тазалау, құрғақ жапырақтарды жинау, арамшөптерді отау, көшеттерді орау;

2) ағаштардың түптерін қопсыту, ағаштарда әктеу;

3) жасыл көшеттерді, көгалдарды, гүлдерді суару;

4) сыйған бұталарды, құрғақ жапырақтарды, ағаш басын жабу;

5) (қызметкерлерден кеңес алу арқылы) көшеттерді, жасыл көшеттерді жасараптуда;

6) (комиссия актісі бойынша) ауру және құрғақ ағаштарды жою;

7) жасыл қордың ағаштары мен бұталарын жөндеп отырғызу;

8) өз күшімен немесе арнайы мамандандырылған ұйымдардың келісімімен ауылшаруашылық зиянкестері және аурулармен құресті жүйелі түрде жүргізу.

### 27. Жасыл көшеттер аумағында:

1) құрылыш заттарын, жерді, отынды, көмір және т.б. заттарды қоюға;

2) көгалдарды, гүлбақтарды, ұңғыма шұңқырларды бұлдіруге;

3) көгалдармен журу, ағаштарды, бұталарды сыйныру, кесу, басқа да м е х а н и к а л ы қ з а қ ы м к е л т і р у г е ;

4) өздігінен ағаштар мен бұталарды кесуге;

5) қоршау жасауға, гүлдерді қазуға және көпжылғы гүлдердің түйіндері мен п и я з д ы қ т а р ы н қ а з ы п а л у ғ а ;

6) көгалдар мен гүлзарларда көліктерді қоюға;

7) ағаштарға сымды, тікенек сымды, әткеншекті, жіптерді, жарнама п а р а қ т а р ы н і л д і р у г е ;

8) мал, құс бағуға, итпен қыдыруға;

9) көгалдар мен гүлзарларда цементті ерітінді немесе бетон дайындауға;

10) бақшалар мен бақтарда жапырақ өртеуге;

11) көгалдарда, бақшаларда және т.б. көк отырғызылған жерлерде көліктерді қалдыруға рұқсат етілмейді.

## 7. Тазалық пен тәртіпті қамтамасыз ету

### 28. Елді мекен аумағында:

1) ағаштарды, жапырақтарды аралауға, қалдықтарды өндіруге, түрмистық және құрылыш қоқыстарын лақтыруға;

2) қоқысты жағуға, жеке үйлердің және кәсіпорын аумағында от салуға;

3) кәсіпорын өндірісінің суларды және жеке ағынды су секторын, су қоймаларынды және жыраларды тазартуға;

4) жалпы қолданбалы аумақта немесе түрғын үй кварталында көлікті су құдықтарында, ағынды суларда, көп адамдардың демалыс алатын жерлерде, түрғын үй кіреберістерінде жөндеуге немесе жууға;

5) қоқыстарды, құрылыш материалдарын, кесілген ағаштарды, топырақты тасымалдауға, жолдарды ластайтын сонымен қатар арнайы автомобилдердің люктерінің ашық күйінде қозғалуына, қатты түрмистық қалдықтарды т а с ы м а л д а у ғ а ;

6) көшеттерге, тротуарларға, балалар алаңына, гүлзарларға, әртүрлі объектілерді о р н а т у ғ а ;

7) көшелерге, аландарға және жалпы қолданыстағы орындарға жануарлармен с е р у е н д е у ғ е ;

- 8) ашық аумақтарға жануарлардан қалған қалдықтарды және басқа да  
қалдықтарды шығаруға ;
- 9) аудандағы жергілікті атқарушы органдардың маңына ақпараттар ілуге,  
хабарландырулар, жарнамалар, үгіт насиҳат стендтер және т.б. ілуге. Осы  
объектілердің ілінуі тек жеке меншік иелеріне ған рұқсат етіледі;
- 10) баспасөздік үгіттеу материалдарын шашуға рұқсат етілмейді.

## **8. Есіл ауданының елді мекендеріндегі аумақтарды абаттандыру, жасыл көшеттерді және инфракұрылым нысаналарын ұстau жай-күйін бақылау бойынша уәкілетті және мемлекеттік органдардың міндеттері**

29. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Ереженің орындалуын бақылау қоршаған ортаны қорғау, ішкі істер, сәулет-құрылым, өртке қарсы және санитарлық бақылау органдарымен өз қызмет бабымен жүзеге асырылады .

30. Функционалдық міндеттерге сәйкес ауданды көгалданыру жағдайын жалпы бақылау, комиссиялық бақылаудың жүргізу және зерттеу, мемлекеттік бақылау-қадағалау уәкілетті органы жүргізеді.

## **9. Занды және жеке тұлғалардың Ережені бұзушылығы туралы жауапкершіліктері**

31. Осы Ережені бұзғаны үшін жеке және занды тұлғалар Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамаларына сәйкес және Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы әкімшілік заңбұзушылық туралы» Кодексімен жауапқа тартылады.

32. Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамаларына сәйкес, заң бұзушылар әкімшілік жауапкершілікпен қолданған шара, жіберілген қателіктерді жоюдан және материалдық шығынның орнын толтыру жауапкершілігінен босатылмайды.